

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
«Рухани Жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты

Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева
Институт социально-гуманитарных исследований «Рухани Жаңғыру»

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына және Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының үш
жылдығына арналған «Мәдениет – жаңғырудың ұлттық коды»
тақырыбында өткен онлайн авторлық өлеңдер байқауының

Жинағы

Сборник

авторских стихов онлайн-конкурса на тему: «Культура - национальный
код возрождения», посвященного 175-летию Абая Кунанбаева и трехлетию

Программной статьи Главы Государства Н.А. Назарбаева
«Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Ұйымдастырушылары:

«Рухани Жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты;
Солтүстік Қазақстан облысының іскер әйелдер қауымдастығы.

Организаторы:

ИСГД «Рухани Жаңғыру»; Ассоциация деловых женщин СКО.

5-15 сәуір 2020 ж.

Петропавл қ.

Редакциялық алқа

Төрайым: Самиева Бахитжан Мағжанқызы – Петропавл қаласының Қоғамдық Кеңесінің төрағасы, «Солтүстік Қазақстан облысының Іскер әйелдер қауымдастығы» төрағасының кеңесшісі, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі.

Төрайымның орынбасары: Қартова Зауре Кеңесқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, «Рухани Жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, «Солтүстік Қазақстан облысының Іскер әйелдер қауымдастығы» төрағасының орынбасары.

Хатшы: Шажалиева Жанайым – «Рухани Жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері.

Әділқазылар алқасының мүшелері:

1. Тайшыбай Зарқын Сыздықұлы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Рухани Жаңғыру» ӘГЗИ этномәдени зерттеулер орталығының жетекшісі, Қазақстанның Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының құрметті журналисті.
2. Ибраев Сабыр Смағұлұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры, ақын, өлең жинақтарының авторы, Қазақстан журналисттер Одағының мүшесі.
3. Богова Яна Викторовна – ақын, композитор, әнші, «Любовь. Родина. Сцена» өлең жинағының авторы, Қазақстан журналисттер Одағының мүшесі, «Солтүстік Қазақстан облысының Іскер әйелдер қауымдастығы» мүшесі.
4. Мусабеева Гүлбахша Нұрмұқанқызы – заң ғылымдарының кандидаты, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ доценті, «Уғрақ» қазақ-мәдени-ағарту орталығының төрайымы, «Солтүстік Қазақстан облысының Іскер әйелдер қауымдастығы» мүшесі.
5. Шайкенова Айсулу Жаксылыковна – филология ғылымдарының кандидаты, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі.
6. Қадыров Жанбай Тұрарұлы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі.

Редакторский коллектив

Председатель: Самиева Бахытжан Магжановна – Председатель Общественного Совета г. Петропавловска, советник Председателя ОО «Ассоциации деловых женщин СКО», член Союза журналистов Казахстана.

Сопредседатель: Картова Зауре Кенесовна – кандидат исторических наук, директор Института социально-гуманитарных исследований «Рухани Жаңғыру», заместитель Председателя ОО «Ассоциации деловых женщин СКО».

Секретарь: Шажалиева Жанайым – методист Института социально-гуманитарных исследований «Рухани Жаңғыру».

Члены жюри:

1. Тайшыбай Заркын Сыздыкович – кандидат филологических наук, профессор, руководитель Центра этнокультурных исследований ИСГИ «Рухани Жаңғыру», заслуженный деятель высшей школы Казахстана, Почетный журналист Республики Казахстан.
2. Ибраев Сабыр Смагулович – кандидат исторических наук, профессор СКГУ им. М. Козыбаева, поэт, автор поэтических сборников, член Союза журналистов Казахстана.
3. Богова Яна Викторовна – поэт, композитор, певица, автор цикла песен «Любовь. Родина. Сцена», член Союза журналистов Казахстана, член ОО «Ассоциации деловых женщин Казахстана».
4. Мусабаева Гульбахша Нурмуқановна – кандидат юридических наук, доцент СКГУ им. М. Козыбаева, Председатель казахско-культурно-просветительского Центра «Утрақ», член ОО «Ассоциации деловых женщин Казахстана».
5. Шайкенова Айсулу Жаксылыковна – кандидат филологических наук, заведующий кафедрой «Журналистика» СКГУ им. М. Козыбаева
6. Кадыров Жанбай Турарович – кандидат филологических наук, профессор, заведующий кафедрой «Казахский язык и литература» СКГУ им. М. Козыбаева

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Биылғы 2020 жылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы әлемдік және мемлекеттік деңгейде аталып өтіліп жатыр. Бұл мерейтойдың еліміз үшін маңызы жоғары, әрі ұлы ақынның рухани мұрасы Қазақстанның әлем кеңістігінде насихатталуына ықпал етуде. Дана Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу бүгінгі қоғамның сұранысынан туындап отырған рухани азықпен пара-пар. Сондықтан, ұлы Абайдың мұрасы «Рухани жаңғырудың» лайықты жалғасы деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек» – деген болатын. Бұл бүгінгі күні еліміздің білім ордаларының алдында тұрған басты міндет. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті еліміздің стратегиялық бағдарламаларын бұлжытпай орындай келе, өскелең ұрпақты тәрбиелеге ерекше мән беріп отыр. Елбасының идеясынан туындаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге арыруға белсене араласып, жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, дамытуға арналған қомақты іс-шараларды үздіксіз ұйымдастырып тұрады.

Осының айғағы Абай Құнанбайұлының 175-жылдық мерейтойына және Елбасының «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жарық көргеніне үш жыл толуына орай жастардың арасында өткізілген «Мәдениет – жаңғырудың ұлттық коды» атты авторлық өлеңдер байқауы болып отыр. Авторлардан келіп түскен өлеңдер мазмұны терең, еліне, жеріне, халқына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікке толы, әр қатысушының жүрек тебіренісінен шыққан туынды деп бағалауға болады. Әр өлеңді оқи отыра, Қазақстанның жарқын болашағына сенімі мол білімді де білгір жастардың өсіп келе жатқанына қуанышпен қарауға толық сенім бар.

Қаламдарыңыздың сиясы кеппесін, оқу-тоқудан еш жалықпаңыздар, әлемді мойындатуға ұмтылыңыздар еліміздің үміті де болашағы да сіздерсіздер, құрметті жастар, Абай аталарыңыздың рухы әруақытта қолдап жүрсін!

Ақмарал Ғосманқызы Ибраева,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан мемлекеттік университетінің
ғылым және инновациялар жөніндегі
проректоры, т.ғ.д., профессор

**Уважаемые участники конкурса!
Уважаемые читатели!**

Абай – один из великих гуманистов мировой культуры. Великий Абай мог влиять на умы и чувства своих современников. Он обращался именно к молодежи, к будущему своего народа. Абай всегда свято верил в свой народ, несмотря ни на какие сложности исторической эпохи. Одно из своих слов назидания Абай заканчивает мыслью: «И думаю, что может быть, и хорошо жить так, устремляя взор надежды на будущее». Несмотря на разное социальное положение, люди от природы равны. Об этом прирожденном биологическом равенстве людей Абай пишет в 34-ом слове Назиданий: «В этом мире рождение и рост, сытость и голод, горе и смерть, строение тела и место, откуда взялся человек и куда он должен отправиться, - все это одинаково». А ведь мысли Абая до сих пор актуальны!

Казахский народ гордится тем, что Абай - основоположник казахского литературного творчества. И его учение до сих пор воспитывает нацию будущего. Строки ваших авторских стихов убедили нас в этом.

В конкурсе приняли участие около 30 авторов из Нур Султана, Алматы, Тараза, Кокшетау, Петропавловска. Стихи собственного сочинения авторов на темы нравственного возрождения, творчества Абая Кунанбаева, жизненных ценностей и духовности были высоко оценены членами жюри. По результатам конкурса гран - при был присужден студенту СКГУ им. М. Козыбаева Хинаухан Жарханату. Самый юный участник конкурса ученица 3 класса школа–лицей им. эл-Фараби г. Петропавловска Ермекқызы Нұрдана была удостоена номинации «Жас қаламгер». Всего победителями и номинантами конкурса стало 15 человек.

Выражаю благодарность всем конкурсантам за участие в конкурсе, в продолжении в своих стихах мудрости Абая, его слов назидания, его идей о национальном возрождении.

**Самиева Бахытжан Магжановна,
Председатель Общественного Совета г.
Петропавловска, советник Председателя
ОО «Ассоциации деловых женщин СКО»,
член Союза журналистов Казахстана,
председатель жюри**

Құрметті оқырман!

Ұлы Абай даналығынан бейхабар адам, өлең қадірін тани алмайтыны рас, сол себептен байқауға қатысқан әр адамның өлеңі құнарлы ойдан шыққан құнды сөз деп баға бергім келеді.

Өлең жолдарының мәні мен тереңдігіне бойлап, сөз саптау мәнерін ескере отыра үш деңгейге топтастырдым. Өз тарапымнан екі ақынды атап өтпекшімін:

1. **Хинаухан Жарханат** – сөз құдіретімен қайталанбаған әр шумағы, ақындық қырын анық аңғартатын болмысы, шынымен қуантады. Керемет!!!

Қара қылды қақ жарса дәл тұсында,
Бидің бағы тұрарма алшысында.
Абай көрген әділдік, туралық бар,
Құнанбайдың тобылғы қамшысында....

2. Қазақ халқының рухани жаңғырып, жаһандану дәуірін жырлау білім алып жатқан студенттеріміздің, біздің болашағымыздың енісінде екенін **Сержан Нұрдолқынұлы** танытатындай. Өлең жолдары еріксіз елес тудырады.... Тамаша!!!

Түймесін түйткіл ағытып,
Жалықпай қара Абайға.
Қуаныш, қайғы, қасырет,
Шешімі жатыр Абайда...

Құрметпен,
Шайкенова Айсұлу Жақсылыққызы,
филология ғылымдарының кандидаты
«Журналистика» кафедрасының
меңгерушісі, жюри мүшесі



Богова Яна Викторовна

поэт, член Союза журналистов Казахстана,
член жюри конкурса

Стихи о вечных категориях

Ничем нельзя измерить доброту.
И не придумали еще таких весов,
Но добрый сердцем человек поверит,
что иногда хватает добрых слов.
Хватает, чтоб утешить, чтоб понять,
Чтобы решить какую то задачу,
И куча радужных богатств,
в сравнении с добротой ничто не значат!
Ничем нельзя измерить красоту души,
она у человека ярко светит.
Особенно блестит она в тиши
от добрых дел как солнце на рассвете.
Никто сердечность в мире не измерил,
ее просторы просто без границ,
А сердце – это алая планета,
где мир, тепло и звуки, перья птиц!

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына



175 –летие Абая Құнанбаева



Хинаухан Жарханат

Бас жүлде

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Адамзаттың алыбы

Жылыстаған жыл өтті, ғасыр өтті,
Қай дәуірде Қазақтың жасы кепті.
Рахымын жаудырып Алла бізге,
Адамзаттың алыбын нәсіп етті.

Қызыл тілді өткізіп сол заманға,
Толғағанға не жетсін, толғағанға.
Өлең сөздің патшасы болар ма еді,
Абай өлең патшасы болмағанда.

Қара қылды қақ жарса дәл тұсында,
Бидің бағы тұрарма алшысында.
Абай көрген әділдік, туралық бар,
Құнанбайдың тобылғы қамшысында.

Әлдиімен нәр берген жас мүсінге,
Иман, ынсап, ұятты рас түсінген.
Абай алған тәлімнің тізбегі бар,
Зере әжедей тектінің тәспісінде.

Айтарға жөн әуелі сөз қамдаған,
Ақиқатқа ақ қолын созған бабам.
Ақынынан қорқамын бұл қоғамның,
Ақылынан қаламы озған заман.

Таңдау түсіп қай жолға құрдық өрнек,
Сүрлеуінен өткенше сыр бүгер деп.
Абай жолы - Алланың тура жолы,
Адамзатқа басқаша нұрлы жол жоқ.

©Qinauhan JARQANAT.



Кумекбай Кәмшат

1 орын иегері

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Абай деп соғар жүрегім!

Көгімде жарық жұлдыз жарқыраған,
Өзендей қара сөзі сарқыраған.
Абайдың ұлықтаған есімімен
Тамсанар өнеріне жарты ғалам.

Философ, аудармашы дара туған,
Біздерге үлгі-өнеге дана тұлғаң.
Тауындай Гималайдың биіксің сен,
Бағы боп қазағымның жаратылған.

Шындықты өлеңменен тамызатын,
Төбірентіп көзден жас ағызатын.
Өнердің құдіретін ұғындырған,
Бүгінде теңдесі жоқ аңыз ақын.

Абай-шың, Абай-ұлы бәйтерегім,
Өнерсіз, қара өлеңсіз қайтер едім?!
Ұлы ақын мың ғасырлық қайың болса,
Мен болдым саяңдағы жай терегің.

Ұлыны жырға қосам(-ын) тербетіле,
Қайсарлық тұнып тұрар келбетінде.
Ақын бол, мейлі басқа хәкім болғын,
Бұл шыңға жетпес ешкім жер бетінде.

Көрсеткен үлгі өнеге талайларға,
Ұлыны ұмытайық қалай ғана?!
Өнерге, өміріме шабыт берген,
Қазақтың шоқ жұлдызы Абай ғана!

Ұлықтап ұлылықтың ғасырларын,
Абайдың мұралары асыл бағым.
Мұраны сақтап мәңгі қадірлейік,
Ұрпаққа ұлағаттап асылдарын!



Науризулова Макпал

1 орын иегері

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Ұлы ақынға мың тағзым

Өзің едің қазағыма болған пана
Қызықпадың мал-мүлік, баспанаға
Әжеңнің ертегісін тыңдап өсіп,
Жастайыңнан атандың «зерек бала»
Қағазбен қалам алып оң қолыңа,
Арманмен өрнек салдың сен торыңа
Жасыңда ғылым бар деп ескермедің,
Сонда да шықтың талай шыңға.
Би, болыс дегендерді ұнатпадың
Әділдікті үлкен тақтан құлатпадың
Өзгенің малын жейтін парақорды,
Есімде өткір тілмен сұлатқаның.
Ән де жазып, қалам алып өз қолыңа
Арнадың ғұмырыңды өлең-жырға
Оқуды шын жүрегімен жақсы көрдің
Талай мұра қалдырып ұрпағыңа.
Дес бермей қара сөзден қазақтарға
Дедің де босқа отырып, қарап қалма
Өз ойыңды барынша ортаға сап,
Алсын деп керегіне жаратқанға.
Заманыңнан артық туып қалыспадың,
Мәлім ғой мыңмен жалғыз алысқаның
Қара сөзбен өлеңнен нұр таратқан
Қазақтың бас ақыны данышпаным!
Ақыннан мөлдір тұнық жыр ұққаймыз,
Өзіңді биік қойып ұлықтаймыз.
Қалың елім қазағым деп кетіп ең
Біз өзіңді мәңгілік ұмытпаймыз!



Мұхтар Райымбек

1 орын иегері

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұлан әскери институты

2 курс курсанты

«Арнау өлең»

Ақынның ақыны деп Мағжан десе
Ақылдың ақыны мен Абай дер ем
Қазақ атын қаймықпас қайсар десе
Абай атын қазақпен теңестірем.

Халықтың қамын жеген ақын Абай
Бар қайғысын қағазбен жапқан Абай
Қолынақыл қаламын ала тұрып
Жаһанның жан айқайын жазған Абай.

Қазақ үшін от пен суды қатар кешкен
Ұлы жолдың иесі Абай дер ем
Абайжолы ұлы жол ұғынғанға
Бұл қазаққа сол жолды бағыттар ем.

Қара сөзбен, байыппен, астарламай
Тура ойын жеткізген дана Абай
Тас жүректі жібіткен өлеңменен
Тасқын суды тербеткен ақылымен.

Қанат берген тапқырлы қара сөзбен
Қырандай қалықтатып көкте жүзген
Жансызға жан бітірген шабыттана
Ақ қағазға түсірген әрбір сөзбен.

Аллас саған ұсынған ақ жолында
Болар сенің демеушің Абай ғана
Бар ақылын бойыңа сіңіріп ап
Тек сонымен жетерсің арманыңа.

Мақсат етсең жетуге биік шыңға
Үлгі тұтқың Абайды еңбек қылда
Абай жолын бекте алсаң қаймықпағың
Мұратыңа жетерсің жас ұрпағым...



Булатова София Дамировна

обладатель 1 места

СКГУ имени М. Козыбаева

*В небесье, выйдя на помост,
Перистых облак горизонт
Предсказывает тёплый фронт,
Что ветер издали принёс.*

*Волна зелёного простора
Раскинулась пред мудрым взором,
Которым смотрит на свой край
Поэт аула Жидебай.*

*Природной сути экспонат
Заворожил акына взгляд:
На белых валов паруса
Устремлены творца глаза.*

*В обширной и родной степи,
Слова сплетаются в стихи,
Стихии эти в урожай
Искусства передаст Абай.*

*Летает птица над землёю:
Парит на небосводе беркут,
Высматривая живность сверху,
Разведчиком служит герою.*

*Несётся всадник по равнине,
Подвержен жёсткой дисциплине,
Бесстрашный для детей кумир,
Легендами прослыл батыр.*

*Конь скачет, слышимы копыта,
Свисают сабля у джигита,
Тумар с изображением барса
От всякого рода коварства,*

*Лук за спиною, там же стрелы,
В седле кочевник мчится смело,
Плетётся сзади караван
С Китая в город Туркестан.*



Вздохнул философ и мыслитель,
Слов назидания просветитель,
Прекрасна так «Дала Елі»,
Пейзажи к думам навели.

Судьба богата у земель:
Родина яблок и тюльпанов,
Дешт-и Кыпчак — страна куманов,
Тюркского мира колыбель —

Истории народ могучий.
Свет знания разгонит тучи —
Так Ибрагимово учение
Видело духа возрождение.



Аманжол Бақыт

2 орын иегері

А. Макаренко атындағы №8 орта мектеп

Алматы қаласы

Абай

*Абайды оқымаған адам бар ма?!
Ойлары жеткен талай замандарға.
Мұхтардың өзі жазып "Абай жолын"
Ұлыны ұлықтаған адамдарға.*

*Абайды оқымаған надан еді,
Қоғамға зиян болған жаман еді.
Мақтанып, есіргенде ғылым таппай,
Тапқаны жеңіл жолмен арам еді.*

*Абайды оқы, досым қорланбайсың,
Білімге тәнің толса, сорланбайсың.
Не үшін ізденбейсің болашақ деп,
Осылай зұлымдықтан қорғанбайсың.*

*Абайды оқығандар шыңға жеткен,
Шыңғыстау баурайын да нұрдан еткен.
Ғылымға қол созыңдар бала жастан,
Бұл өмір өте шығар жылдам неткен.*

*Абайды оқымасаң, асыл елде
Әрдайым түсесің зой әбігерге.
Ішкі жан дүниеңе ем беретін,
Абайдың өлеңдері дәрігердей...*



Тасбулатова Айгерим

2 орын иегері

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Абай рухымен сырласу

Жапырақ ғұмыр желменен ұшқан күндерде,
Жұлдызды ғұмыр еріп ағады түндерге.
Жарық әлемге жарық сыйлаған ақынсың,
Жасын жырыңмен нұр құйып кеттің гүлдерге.
Жастар да бүгін жырыңды оқып жүргенде,
Жауқазын өлең қайғының бұлтын түргенде.
Жадырап жанар күн нұрындай күлгенде,
Жалындап жанған жүректің оты сөнбейді.
Жүйрік жырларың жаныма жақын жүргенде,
Жылы нұрменен жырыңнан самал еседі.
Жылқы мінезді қазақтың дара ақыны,
Жырдың ұлысың, қазақтың бағы бес елі.
Жайқалған жусан иісін сездім өлеңнен,
Жайлаудың жарқын суреттерінде көрем мен.
Жас қанатымды шабыт алғанда қағамын,
Жас қайыңдайың бүршігім жаңа көгерген.
Жаһандайдың бұйра толқыны жасалды,
Жалпы жұртыңыз аулардан да асады.
Жаныңыз енді Жәнната болсын иманды,
Жастың бірімін, ақын емесін жасанды.



Ахылбекова Дина

2 орын иегері

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Ұлы Абайға

*Жадымда тұр әлі де Абай үні
Жүрегімді тербеткен талай жыры.
Ақыл, қайрат, жүрегімді қатар ұстап,
Мендағы жаздым саған арнау жырды.
Ұлжан Зере аналардан алып туған,
Қазақтың бас ақыны-жарық тұрған.
«Өзіңдей жан бармекен?» бұл ғаламда,
Қасиетін әр сөздің шын ұқтырған.
Әр сөзінің астары бар шынайы.
Әрбір сөзі шуақ болып тарайды.
Бұл Абайды оқымаған әрбір жан,
Өзін қалай «қазақпын» деп санайды.
Абай атам қазақта орны бөлек.
Сөзіменен санаңа кірген ерек.
Әрбір сөзін маржандай қатар тізіп,
Сол маржанның әрбірін бізге бермек.
Оятып сен талай адам санасын
Ұлы ақын, ұстаз әрі- данасың.
Қазағыңның әр үйін де тұратын,
Мәңгі өшпес, жанып тұрған-шырақсың!
Ақылымен толтырып кітапты лық.
Бұл не деген данышпан ақылдылық.
Қар көзін көрмедік десекте біз,
Қара сөзін оқыдық, қуат қылдық.
Бағыт алып келемін ақылыңмен
Тұла бойым тұнып тұр өнеріңмен.
Бойымда сенің ыстық қаның бар да,
Қанат жайып жүремін әлі де мен.
Неше жылдар неше ғасыр өтсе де,
Ұмытылмас есімің де ерекше.
«Әр ғасырдың бір туары» деп біздер,
Көтеріміз сонау биік көктерге.*



Жолтецкий Д.А.

обладатель 2 места

СКГУ имени М. Козыбаева

*Коль мир меняется веками
Людским сознанием и руками,
Должны быть к данному готовы
И жители степных покровов.*

*Модернизации модели
Достигнут цель не в каждом теле,
Худели б как для идеалов,
Рубашки эти будут малы.*

*У каждого свой путь-дорога:
Заимствовать что проку с боку,
Скопировать из каталогов
У судьб других, иных нам роков?*

*Свои имеются традиции
В крупницах знаемых амбиций,
Что сохранились на страницах
Истории страны позиций.*

*Абай учиться завещал,
Со старта хоть его начал
175 лет интервал
Всё актуален тот сигнал.*

*К грядущему столетий стыку,
Чтоб подойти к развития пику,
Культурный код вспомним великий,
Дополненный текущей книгой.*

*Средь глав: к реалиям готовность,
Вкупе конкурентоспособность,
Открытость мыслей не в условность,
Народа возродить духовность.*

*Хранить у сердца идентичность,
Да прибавляя прагматичность,
Из всех задач сия первична -
Сберечь у нации этничность.*

Рухани жаңғыру - 3 жыл



Рухани жаңғыру - 3 года



Нұрдолқынұлы Сержан

3 орын иегері

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Бабадан шыққан Жаңғыру

Жөң кілтіп аққан бұлттар,
Сыр ұғып тағдыр тілінен.
Жастарға қарап сөйлейді,
Ауқымды заман тілімен.
Көгіңде тұрса күнкүліп,
Дүние кетер нұрланып.
Жастарға артса ел жүгін,
Ұрпақтан болар кім ғарып?.

Бақыты батпан тарих,
Ел мұңын алыпесіне.
Жігерін жанып жастардың,
Дес беріп жатыр десіне.
Кешедө өткен Абайдың,
Жаңғыртып үнін аспанға.
Ел басы жаттап Абайды,
Танытты және жастарға.
Түймесін түйткіл ағытып,
Жалықпай қара Абайға.
Қуаныш, қайғы, қасырет,
Шешімі жатыр Абайда.
Дүние кезек сырлы өмір,
Бетіңе қарап мысқылмен.
Кешегіңдей дікетті алыс,
Жұмыр басты құш білген.
Алты алаш жатыр қуанып,
Рухын баба бекемдеп.
Әл ФАРАБИ, Абайдай,
Ұлылар көбейсе екен деп.

Селтеткен жанар, сесті өмір
Қабағын шытып қарайды.
Қоғамның бейбіт баласы,
Есіңе ал дейді Абайды.
Сөзі мен ісі жарасқан,
Бар ғалам болса Абайдай.
Жұп жұмыр жұмсақ жүрегім,
Соғарма еді тыныш, қараймай.



Тилеухан Темирлан

3 орын иегері

Талғар политехникалық колледжі

Талғар қаласы

Абайдың рухымен сырласу

Ақын Абай!

Біз сені ұмытпаймыз,
Қолымыздан келгенше ұлықтаймыз.
Ақыл беріп қырық бес қара сөзің,
Боқ дүниеге ешқашан құнықпаймыз.

Дана Абай!

Біз сені сағынамыз,
Жырларыңды білмесек қағынамыз.
Ақиқаттың еліне барсақ-тағы,
Иман толы сөзіңе бағынамыз.

Асыл Абай!

Жаттасақ жырларыңды,
Тоқып жүрдік жүрекке сырларыңды.
Шыңғыстауды армандап, қиял қылып,
Көрсек, шіркін ой терген қырларыңды.


Ұлы Абай!

Тарқатшы шерімізді.
Өнер үшін төгеміз терімізді.
Ашық-шашық киініп бүкіл қоғам,
Ез қылып жүр арыстан ерімізді.

Хакім Абай!

Бас ақын болған едің,
Елің үшін мұңға да толған едің.
Қайран сөзің қор болып, тыңдаусыз қап,
Қара шал боп раушандай солған едің.

Сен кетсең де, бұл қоғам өзгермеді,
Тума талант иесіне төр бермеді.
Ақындықты далбаса өнер қылып,
Сөйлей берген мылжыңдар сөз бермеді.



Толқынбек Берген

3 орын иегері

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұлан әскери институты
2 курс курсанты

Қазақта асылдар көп дара туған,
Саналы, ақыл-ойдан жаратылған.
Мен оқып білгенімнен жаңылмасам,
Ақын Абай ұлылардың бірі болған.
Жасынан медреседе білім алған,
Бірақ оған молда болу бұйырмаған.
Әкесі қанша болыс бол дегенмен,
Ұлы Абай оған әсте бағынбаған.

Қолына қалам алып өлең жазған,
Алғаш болып жазба әдебиет негізін салған.
Ұлы Абайдың терең ойлы қара сөздері,
Әлі күнге халыққа мұра қалған.
Білімге жиырма бесінде бет бұрған,
Одан артық ештеңе жоғын ұғынған.
Малменен жанын санап өскен елге,
Білімдінің керегін ұғындырған.

Халқының мұңын мұқтап, жоғын жоқтаған,
Билікпенен байлыққа құмартпаған.
Дәл өзіндей тәрбиелеп ұл-қыздарын,
Медресе мектептерден білім алдырған.
Отызында орысшаны меңгерген,
Талай жақсы өлеңдер бар өңделген.
Ұлы Абай болмағанда рас-ақ,
Ломоносов, Пушкиндерді кім білген.

Әуендетіп кең даланы ән жазған,
Көңілдердің сарасымен, қара сөзге назданған.
Желсіз түнде жарық айға қарайлап,
Сәулесіндей ай нұрының су бетінде толқыған.
Қазағым деп бар ғұмырын арнаған,
Тура жолдан өле-өлгенше таймаған.
Байлар берген сый-сияпатты елемей,
Жатақтардың алғысына мәз болған.

Ұлы Абайдың мерейтойы құтты болсын,
Жалғасты іс шаралар қатары толсын,
Барша қазақ ұлықтайтын тұлғаға,
Арнау өлең менің сыйым болсын.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Ермекқызы Нұрдана

«Жас қаламгер» номинанты

Әл-Фараби мектеп лицейінің 3 «ә» сынып оқушысы

Сөз әлемі секілді ірі ақынға
Сөз айтайын ендеше мен Абайға
Ірі тұлға болып жаратылған
Одан аспас ешқандай жазушы дара туған.

Сөз әлемі бойыңызда тұнып тұрған
Әсем ұстаз сіз болдыңыз, Абай ата
Бойымызда тұнып тұрған қасиетті
Сіз аштыңыз құрметті, Абай ата

Сондықтан мың алғыс біз білдіреміз
Сүйсініп тындап, өмірі біз жүреміз
Сөз жарасын – іздеген бар асылы
Ұлы ақынды тудырған Алаш Ұлы

Біз сізді мақтан етеміз, Ұлы Абай
Қара сөздеріңізді оқып шықтық талай
Әр сөзіңіз жүрекке жетеді
Бір жақсылыққа демеп кетеді

37 қара сөзді жаттап алдым
Көңілден кетпестей, ойға оны түйіп қалдым
Қайратсыз ашу – тұл
Тұрлаусыз ғашық – тұл
Шәкіртсіз ғашық – тұл
Неткен терен ойлар бұл.



Құрмаш Дариға

«Жаңа есім» номинанты

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ


Абайға арнау

*Таңданамын ұлы Абай өнеріне
Моншақтап тізген әрбір өлеңінде
Иісі бұрқырайды қазақтықтың
Ой салып әр қазақтың жүрегіне*

*Уытты өткір тілді шешен дерсің
Абайдай жырлай алмас еш кемеңгерің
Қазағын тастамаған тас түнекке
Өрмелеп шыққан бейне күн бе дерсің*

*Ойлаған әр заманын қазағымның
Адалдық туын ұстап, таза жүрдің
Дүние мен байлық жимай, өнер жидың
Өсиет өнеге боп қалды бүгін*

*Кемеңгер адамзаттың ұлы Абайы
Өр тұлға, әр қазақтың дана Абайы
Елінің қамын жеген тілекшісі
Ұрпағы мақтанатын дара Абайы*



Ортай Ерман

«Алтын қалам» номинанты

Ш. Уалиханов атындағы орта мектеп

Көкшетау қаласы

Ұлы елдің Ұлы ақыны

Алты Алаштың атасына айналған,
Бар қазақты жырларымен ойға алған
Атасы ол, бабасы ол жырымен
Ұлы елдің қанына ол бойлаған.

Абай жыры - қазақтықтың ұраны
Абай ғана жан мен рухты ұғады
Абай ғана болашақты тізгіндеп,
Қара сөздің 45 - ін жазады.

Елі үшін еміренген бұл - Абай
Жері үшін күңіренген бұл - Абай
Егіз болып "Қазақ" деген ұғымға,
Қазақ үшін жаның берген бұл - Абай

Абай ойшыл, Абай дана расында
Ғылым бар деп ескермеді жасында,
Жақсылық пен адалдық жүреді оның қасында,
Ақындардың тұрады мәңгі бақи басында!

Әр қазақтың баласы Абайды жатқа біледі,
Халқымның кең даласы, Абайды мәңгі сүйеді
Биылғы жыл ерекше, мерейлі жыл Абайдың
Қосайық үлес ендеше арманы бұл талайдың!



Сулейманова Гүлжамал
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Абайға арнадым арнауымды

Алдымен сыйынамын, қолда, бабам,
Ақын жоқ өзің жайлы толғамаған.
Өрнектеп өзің жайлы өлең жазу,
Білемін ауыр сын ғой ол да маған.

Өнеге алған тәлімін,
Абай деп жазған бар үнін.
Алаштың хәлін ойлаған,
Ұлы Абай жарық жұлдызым.

Балалық дәурен кезінен,
Жылы леп ескен сөзінен.
Ғаламға мынау қараған,
Ақындық ойшыл көзімен.

Артта да қалды азап күн,
Қорлықты көрген мазақтың.
Ұлы Абай мәңгі жасасын,
Шыңында биік қазақтың.

Ой, сөзін әр кез ұлықтап,
Сұрыққан жанбыз жыр ұққан.
Қазағым аман болсын деп,
Жазды ғой қара сөздерін қырықтан астам.



Куандыкова Айдана

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Абай

Абай ата ақылындай ақыл жоқ
Әр сөзі оның кеткен жоқпа нақыл боп.
Абай ата айтпай қалған сөз бар ма?
Қазақ үшін одан асқан ақын жоқ.

Дана сөздер Абай ақын өлеңі,
Шымырлатқан тұла бойды, денені.
Ол жазбаған не қалған деп таң қалам,
Жазып өткен жаңаны да, көнені.

Ем-дәрідей тауып айтқан сөздерің,
Қара сөздің мағынасы тереңде.
Неткен ғажап, алмас па әлде берен бе?
Шек болсайшы ұлы өнерде, өлеңде.

Қалың елім, қазағым деп жырлады.
Қазағына қорған болған жырлары.
Қара қылды қақ жарған әділ болды,
Бес асыл деп үн тастаған жырлары.

Абай-дара, Абай-кемел, озат та,
Жол салады әр өлеңі ғажапқа.
Бар жазғаны даналық боп саналған,
Жалғыздардың жалғызы ол-қазақта.



Камалов Нурболат
город Алматы

Великий Абай

С детства пишу стихи
Когда бывает радостно иль грустно
Сердце робко говорит пиши
Посвятить Великому акыну радушно

Абай, твои стихи настолько глубоки
Читаешь, стараешься понять смысл
Внимательно смотрю меж строки
Вздыхая думая, какой умысел

Вдохновляюсь вашими словами
Низко кланяюсь Вам
Стараюсь изучить годами
Даю я должное вашим достоинствам

Жаль, нет шансов увидеть вас
Поговорить, спросив советы
Чтобы неучем не быть
Открыв свой разум, получив ответы

Спасибо, что оставили нам клад
Сокровище и достояние
Почему не ценим мы, ваш вклад
А живем погоней за обаянием

Великий поэт, акын и мыслитель
Спаситель, миритель и молитесь
Коль честно, литературу я - не любитель
Но честь и славу отдаю вам как ценитель.



Сейсенбек Гулай
Алматы қаласы

Абай

Халқы үшін шырылдаған ұлы ақын
Атақ пен данқтан қашқан дара ақын
Өлендері еш өлмеген асыл ақын
Озық ойлы, терең адам Абай ақын

Қазақтардың көкірегін оятам деп
Санасына түрлі ой сыйлатам деп
Өмір бойы уайымдап өтті де кетті
Дегенімен, сөздері жүрекке жетті

Қиын заман, адам біткен тазы емес
Не жетпейді деп ойлайсын ішіннен
Бай-бағлан да бақытына разы емес
Кедей де әлек күйікпенен

Абай жазды қара сөзде осыны
Түсінер деп дұға етті сөз шыны
Алайда көп түйді ме санаға
Кеткен жоқ па сөздер босқа далаға

Шүкір етсен тағдырын бар көктейін
Разы қылар көңіліңнің назы емес
Күпір етіп, шүкіршілік етпейтін
Пендесіне жаратқан да разы емес.



Эшметов Наврузбек

*Акмолинский транспортный колледж именн М.Тынышпаева
Нұр-Сұлтан қаласы*

Абай

*Ушёл акын – великий мыслитель
Ушёл давно – но вижу его стихи во сне,
Ушел, литературы он ценитель
Как яркий слог, что был так близок мне.*

*Увы, но с ним мы были незнакомы,
Хоть раз бы увидеть и поговорить
И душу изолировать,
В голове фантазия горит*

*Я так горжусь, что в жилах течет кровь поэта,
И пусть поэт совсем не знал меня,
Конечно горькая ведь правда эта,
Что нет тебя, душа горит так будто из огня*

*Своих детей учить я буду
Не фильмы современные смотреть
Труды твои читать я буду
Чтоб душу их и свою греть!*



Аюпова Данагуль

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Абай атаға

*Теперішті тартқызғанмен текті ортам,
Дей алмаймын ағайынға кек қортам.
Мыңмен жалғыз алыса алмай о ата
Мыңның бірі боп кетем бе ,деп қорқам.
Қарсы тұру оңай емес, мыңға сан.
Өзің сыңды, өлеңіммен мұңдасам.
Көкті тіреу міндет емес ақын боп,
Жетеді ғой сол көгіңе күн болсаң.
Күн нұрынан қаламыма сия апын ,
Сиямен кетті, кетпейтіні кей дақтың.
Орныңызға өзімді қойып көрейін .
Жан қоярға жер таппаған бейбақың .
Ой құлагер кермедегі шерді үзер.
О қастандық жанға жара енгізер .
Сәмендерден дүре қамшы жегем жоқ,
Сабындай қысқа өмірдің өзі жегізер .
Атау мені мазалайды әр әлем .
Кейіпкерді ұштастырды әр өлең.
Тағдырымыз бөлек біздің болғанмен,
Ортақ болар қара жермен қара өлең.*



Оразбек Қызжібек

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

«Абай атама» арнау

Қазақ кім? десе, Абай дер ем,
Абайды сұрасаңыз, Қазақ дер ем!
Бұл өлең не жайында сөз етеді?
Ұлы һакім Абай жайында дер едім.
Бес асыл іске үйреткен,
Бес дұшпанды көрсеткен,
Қазағымның данасы,
Адамзаттың ақылшысы мен дер ем.
Өлеңді сөздің патшасына теңеген,
Өнер деп, бар аұмырын сарп еткен.
Поэма, қара сөз, қара өлең дейсің бе?
Үздігін қазақ үшін жыр еткен.
Қалың елім, қайран жұртым, деп шырылдап,
Талай еңбек сіңірген,
Қазағымның қамын жеген,
Жанашыры, адал перзенті мен дер ем.
Маржандай тізілген алтыннан қымбат сөздерін,
Әрбір қазақ баласы, жатқа білер әр өлеңін, әр сөзін.
Бұл біз үшін міндет емес десек те
Жүрегінде иманы бар жандарға парыз, сірә, мен дер ем.
Атам жайында айтар болсам таусалман,
Сөздік қорым жетпес, сірә, табалман.
Не бір теңеу келтірсемде теңесалман,
Ал, ендеше сөз соңына құлақ түріңіз, бері таман.
Абай - дара, Абай - дана қазақта,
Аты жоғалмас ешқашанда біз барда.
Ізін жалғар ұрпақтары тұрғанда,
Алтын әріппен жазылар бұл тарихта.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Ермекұлы Нұрдаулет

Әл-Фараби мектеп лицейінің 2 «ә» сынып оқушысы

Абай Атама

*Өлендеріңіз мәңгілік Абай ата
Бізбен біргесіз ғой әрқашанда
Тағзым етіп жүреміз рухыңызға
Сіздердей қасиетті бабаларды бергенін
Мың бір шүкір айтамыз бір Аллама*

*Әдемі атамызға берген көрік
Оқимыз кітабынды қолға алып
Ендігі біздің сізге тілегіміз
Сіздей болайық біз сізге серік.*



Ашимхан Ихсан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұлан әскери институты
1 курс курсанты

Абай ата

Ұлы қазақ ақыны, Абай атам,
Ақыл, қайрат, жүректібірге қосқан,
Дауыс бермей айтылған өлеңдерің,
Жүрегімнің қара түбін ақтап шыққан.

Аға-сұлтан ұрпағы-Абай атам,
Ұлы ақын, әрі сазгер, аудармашы.
Қазағымның әдебиетін- ағартушы.

Сен дегенде Қазақ халқы тік тұрамыз,
Жүрекінен жақсыжаққа бет бұрамыз,
Қара қалам, қара сия, қара сөз,
Бұның бәрі ойдан шыққан асыл сөз.

Қара шумақ өлеңім сізге ата!
Тамырыңды жалғастырарақын бала
Уақыт деген жарқ-жұрқ етіп өте шықты,
Тәуелсіз ұрпағың бар уайымдама!!!



Қалыбек Абылайхан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұлан әскери институты
1 курс курсанты

Абай Құнанбаев

Өмірге келді бала
Ақындықтың тумасы,
Абай деген атамыз.

Жас кезінен баланың
Қолынан келді барлық іс,
Ұлы Дала баласы
Қазақғымның данасы.

Абай, Абай бәрінен биік екен,
Мен оның өлеңдерін сүйіп өтем
Биік ғой өлмейтін ешқашанда!
Сөздерін жаныма түйіп өтем!

Абай, Абай өлмейтін мәңгі ақын,
Жанына өлеңді көрді жақын
Абай сынды әлемде бар ма ақын?
Біз оның ұмытпасыз мәңгі даңқын!

Абай - дана, Абай - дара қазақта,
Есімін білмейтін жан жоқ қазақта
Орыстардың бәйтерегі Пушкин ғой,
Абай ғой бәйтерегі қазақтарда!.



Маткерим Айман

Зейнеткер


Тараз қаласы

Абай атамызға

Бастаймын Бисмиллях деп сөздің басын
Ұрпақызы бабаларды еске алған.
Абай атамыздың 175 жылдығында
Бір ауыз қара сөзін оқығанда
Ләззат алып жүректе от жанатын.

Өлмейді Абай ата ортамызда
Дұға оқып бағыштаймыз аруағына.
Өлді деп айтуға бола ма айтындаршы,
Өлмейтін артынан сөз қалдырған -
Деген сөзі жүреді қанымызда.

Әрдайым жанымызда Абай ата,
Ақылын жазып кетті ақ қағазға.
Кең жайлау жайлы бесік балаға
Алпасып асыраған пендесі аш бола ма?
Жылу береді ғой жүрегіне,
Әрдайым сөздерін оқығанда.



Әбутәліп Анар

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Абайға арнау!

Ақыным оза туған заманында,
Ұшталған уақытында қаламы да.
Қара өлең, қара сөзді өрістеткен,
Абайым, қазағымның ұрпағына!

Сөйлейтін-ді ақынның сол бір тілі-
Төгілсе, жыр еткен-ді елдің күйін.
Ғасыр бұрын қалаған азат таңын,
Ойлаған ертелі-кеш қазақ хәлін.


Қырық жаста ғылымға ден қояды,
Талантын бойындағы мойындады.
Рухы биік ұлтының қамы үшін,
Адал қызмет етуге ант ұрады.

Дүниенің тарихын, ағымдарын,
Зерттеп әбден үздіксіз саралады.
Қасиетті Құранды негіз етіп-
Өзінің кемел бойына нәр алады.

Сопылық жолда Исламмен ойы толысып,
Аллаға адал жүрегін байлап, болысып.
Тәрбиенің беріп ордасын талай сан түрін,
Қалдырды бүгін қазақ ұрпағына із қылып.

Ұлы Абай сәуле сынды бар жанға,
Сүймейтін адам жоқ шығар сірә, жалғанда.
Ақынның жазған, мұра боп қалған мирасы,
Жарық шам секілді қапаста қалған жандарға.

Қара сөздерің біз үшін мына үлгідей,
Әндерің сонау көңілге қуат берердей.
Табиғатты тіл бітіріп сөйлеткен,
Дара жол салған, қазығын қаққан Ай-Күндей



Қуандық Кенжегүл

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Хакім Абайға

Көзі ашық, көңілі ояу дара тұлға,
Соқпақ жолмен жүруге жаратылған.
Еске алып тойлауда мерейіңді,
Жырларыңды жазылған қанатыңнан.
Илануға себеп бар Жаратқанға,
Жастық шақта ғылыммен таласқанға.
Өз бағытын табады ау ебі болса,
Қара түнек жамылған қара аспанда.
Қайталадым қара өлеңді қазағыма,
Сегіз аяқ, өлең сөз ғажабын да.
Ғақлия сөз сабасына түсіреді,
Заманының бөрі қуған тажалында.
Жұлдыздар да жоғалар таң атқанда,
Уақытта кідіретін тағат бар ма?
Білем ата қайратыңды қажымаған,
Сарп еткенсің өлшенбес сағаттарға.
Қалыбына қазақтың телміргені,
Заман өтті бүгінде ел іргелі.
Дінін сүйіп, ғылыммен ұстап отыр,
Қазақ халқы қажырлы тең іргені.
Еңбек қылып еліңе ерледің де,
Налып кейде қайталанған ерме күнге.
Ұмытылмас ұрпақтың жүрегінен,
Ерендеген есілдей еңбегіңде!